

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	044-43/19 - (2023-24)
Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар	45 беттің 1 беті

## **ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

<b>Пән:</b>	<b>Экстракциялық препараттар технологиясы</b>
<b>Пән коды:</b>	<b>EPT 2301</b>
<b>БББ атауы:</b>	<b>«Фармация»</b>
<b>Оқу сағаттарының/ кредиттердің көлемі:</b>	<b>150 сағат (5 кредит)</b>
<b>Оқытылатын курс пән семестр:</b>	<b>2 курс, 3 семестр</b>
<b>Зертханалық сабактар:</b>	<b>40 сағат</b>

**Шымкент, 2023 жыл**

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 2 беті</b>

Зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Экстракциялық препараттар технологиясы» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасына (силлабусына) сәйкес өзірленген және дәрілер технологиясы кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №14 «31» 05. 2023 ж.

Кафедра менгерушісі фарм.ғ.д., профессор



Б.А. Сағындықова

<b>ОНДІРІСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 3 беті</b>

## Сабак № 1

### Кредит 1

**Тақырып 1: Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жалпы ережелер.**  
**Сатылар және дайын өнім бойынша материалдық баланс құрастыру. Өнеркәсіптік регламент.**

**Мақсаты:** Дәрілер өндірісін ұйымдастырудың негізгі принциптерін түсіндіру. Техника қауіпсіздігі туралы инструктаж өткізу. Өндірістік және лабораториялық регламенттің дұрыс құрылудың талдау. Операция, саты және бүкіл процесс бойынша материалдық баланс құрастыра білу.

### Оқыту міндеттері:

#### білім алушы білуі тиіс:

- дәрілік препараттардың орталықтан шығарылуының шарттары;
- ірі фармацевтикалық өндірісті ұйымдастырудың жалпы принциптері;
- GMP бойынша негізгі тәртіптер (Фармацевтикалық препараттардың өтілуі тиіс өндірістік іс-тәжірибесі);
- дайын дәрілік түрлердің қазіргі заманғы дәрілік заттар арсеналында алатын орны;
- дайын дәрілік түрлер өндірісін жүйелі механизацияландыру және автоматтандыру мәселелерін шешу жолдары. ДДТ номенклатурасын кеңейту жолдары;
- өндірістік регламент-дайын дәрілік түрлер өндірісінің негізгі нормативті-техникалық құжаты ретінде. Оның негізгі бөлімдері, өндеу сатылары;
- өндірістік процестер. Негізгі технологиялық түсініктер және терминдер;
- материалдық балансты құрастыру мақсаты. Технико-экономикалық көрсеткіштер технологиялық шығым, технологиялық шығын, шығын коэффициенті, шығын нормасы. Энергетикалық баланс.

#### білім алушы істей білуі тиіс:

- оку лабораториясында жұмыс істеу кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- лабораториялық және өндіріс регламентін жаза білу;
- материалдық баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу: технологиялық шығым, технологиялық шығын, шығын коэффициенті, шығын нормалары;
- есептелеңген шығын нормасы бойынша өндірістің рентабельділігі туралы дұрыс шешім қабылдау;

### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

#### негізгі білім бойынша:

1. Жалпы технологиялық түсініктер және терминдер.
2. ДДТ номенклатурасы.
3. Сабак тақырыбы бойынша латын тіліндегі терминология.
4. Өнеркәсіптік өндірістегі препараттарға НТҚ .

#### сабак тақырыбы бойынша:

1. Дәрілік препараттардың өнеркәсіптік өндірісі. Дәрілік препараттардың орталықтан шығарылуының шарттары. Ирі фармацевтикалық өндірісті ұйымдастырудың жалпы принциптері.
2. ДДТ және олардың қазіргі заманғы дәрілік заттар арсеналында алатын орны.

<b>ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 4 беті</b>

3. ДДТ номенклатурасын кеңейту. ДДТ өндірісін жүйелі механикаландыру және автоматтандыру мәселелерін шешу жолдары.

4. Өндірістік регламент дайын дәрілік түрлер өндірісінің негізгі нормативті құжаты. Оның негізгі бөлімдері, өндеу сатылары.

5. Өндірістік процестер. Негізгі технологиялық түсініктер және терминдер.

6. Материалдық баланс. Оның құрылу мақсаты. Технико-экономикалық көрсеткіштер: технологиялық шығым, технологиялық шығын, шығын коэффициенті, шығын нормасы, энергетикалық баланс.

7. GMP бойынша негізгі тәртіптер. (“Фармацевтикалық препараттардың өтілуі тиіс өндірістік іс-тәжірибесі”).

### **БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Білім алушытер берілген күрделі ұнтақтарға технологиялық регламент құрастыру керек. Ол үшін келесі тапсырмаларды орындау керек:

**Тапсырма 1.** Жұмыс жазылымы үшін жүргізілген есептеу бойынша 20-30 г күрделі ұнтақ дайындау. Дайын өнімді дұрыс орамдап және безендіру.

**Тапсырма 2.** Өндірістің бүкіл процесі және сатылары бойынша материалдық баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

### **ГАЛЬМАНИН**

Салицил қышқылы 2 бөлік

Мырыш тотығы 10 бөлік

Тальк 44 бөлік

Крахмал 44 бөлік

**Жабдық:** химиялық жыныстық, зертханалық ыдыстар, келі, келісап, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

#### **Бақылау :**

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. ДДТ өндірісінің артықшылықтарын атақыз. Олардың дәрілік түрлердің қазіргі заманғы арсеналында алатын орны?
2. ҚР фармацевтикалық өндірісі дамуының негізгі тенденциялары қандай?.
3. Iрі фармацевтикалық өндірісті ұйымдастырудың шарттары қандай?
4. Фармацевтикалық өндірістердің құрылышы қандай?
5. Технологиялық процесс дегеніміз не? Оның құрылышы және түрлері қандай?

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 5 беті</b>

6. Негізгі технологиялық түсініктер мен терминдерді атаңыз? Олардың анықтамасын беріңіз?
7. Технологиялық процесті дұрыс үйымдастырудың критериін атаңыз?
8. Материалдық баланс қалай құрастырылады?
9. Технико-экономикалық көрсеткіштерді қалай есептейді?
10. Өндірістік регламент дегеніміз не? ӨР қандай бөлімдерден тұрады? Өндөу сатыларын атаңыз.
11. GMP дегеніміз не? Қандай бөлімдерден тұрады?
12. GMP бойынша дәрілік өндіріске қойылатын негізгі талаптар мен тәртіптер.
13. Фармацевтикалық өндіріске қойылатын техника қауіпсіздігінің, өрт қауіпсіздігінің және өндірістік санитарияның негізгі талаптары қандай?

## **Сабак № 2**

### **Кредит 1**

**Тақырып 2: Медициналық ерітінділер. Алюминийдің негізгі ацетаты ерітіндісін дайындау. Гетерогенді жүйелерді бөліп алу: тұндыру, фильтрлеу, центрифугалау.**

**Мақсаты:** Теориялық материалдарды оқу негізінде және практикалық тапсырмаларды орындау барысында, ерітінділер алудың технологиялық процесін үйрену, сатылы бақылауды іске асқыру, дайын өнімнің тұрақтылығын сақтау шартын және дайын өнімнің сапасын бағалауды үйрену.

### **Оқыту міндеттері:**

#### **білім алушы білуі тиіс:**

- медициналық ерітінділердің жіктелуі, сипаттамасы;
- официналды сулы ерітінділердің технологиясының ерекшеліктері;
- еріту процесін интенсивтендіру жолдары;
- араластыру әдістері, араластырылыштардың түрлері;
- сабак тақырыбы бойынша аппараттар.

#### **білім алушы істей білуі тиіс:**

- ерітінділерді әртүрлі жолдармен дайындау;
- ерітінділерді сұйылту және қанықтыру;
- ерітінділерді тазартудың әдістерін дұрыс таңдай білу.

### **Тақырыптың негізгі сұраптары:**

#### **негізгі білім бойынша:**

1. Медициналық ерітінділердің жіктелуі, сипаттамасы;
2. Сабак тақырыбы бойынша аппараттар.

#### **сабак тақырыбы бойынша:**

1. Медициналық ерітінділер. Сипаттамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы.
2. Ерітінділерді әртүрлі әдістермен дайындау (еріту, химиялық әрекеттесу).
3. Келесі официналды сулы ерітінділердің технологиясының ерекшеліктері: алюминий негізгі ацетатының 8 % ерітіндісі, қорғасын негізгі ацетатының ерітіндісі, Фаулеров сұйықтығы, әк сулы ерітіндісі.
4. Ерітінділердің әсер етуші зат құрамы және ерітіндінің тығыздығы бойынша стандартизациясы. Сақталуы.
5. Еріту дифузия кинетикалық процесс ретінде.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 6 беті</b>

6. Араластыру: механикалық, акустикалық, пневматикалық, циркуляциялық. Оларды қолдану аймақтары. Араластырыштардың түрлері мен конструкциялары: пропеллерлі, турбиналық, қалақшалы.

7. Сұйық гетерогенді жүйелерді бөлу немесе ерітінділерді тазарту әдістері: тұндыру, фильтреу, центрифугалау.

8. Тұндырыштар, олардың түрлері. Қолданылу аймағы. Артықшылығы және кемшілігі.

9. Фильтрлер, олардың түрлері. Қолданылу аймағы. Артықшылығы және кемшілігі.

10. Центрифугалар, олардың түрлері. Қолданылу аймағы. Артықшылығы және кемшілігі.

11. Суды дайындау: негізгі сатылары мен операциялары. Қолданылатын қондырығылар. Деминералданған су. Дистилденген (тазартылған) су.

12. Стандартты ерітінділер олардың номенклатуrasesы және жіктелуі. Стандартты ерітінділерді сұйылту. Стандартты ерітінділердің қолданылуы.

### **БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Білім алушытер келесі тапсырмаларды орындауды керек:

**Тапсырма N 1.** Официалды медициналық ерітіндінің химиялық және электро-химиялық әдістермен алынуына лабораториялық регламент құрастырып, онда технологиялық және аппаратуралық схемасын көрсетіңіз.

**Тапсырма N 2.** 8 % алюминий негізгі ацетаты (Буров сұйықтығы) ерітіндісінен 40-60 мл (оқытушының тапсырмасы бойынша) дайындау үшін керекті бастапқы заттардың мөлшерін есептеңіз. Ерітіндіні химиялық әдіспен дайындау, тазарту керек.

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келісан, дәрілік зат, араластыру үшін шейкер, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

**Бақылау:**

**Ситуациялық есептер:**

**Есеп 1.** 22<sup>0</sup> С-та тығыздығы 1,240 г/см<sup>3</sup> 440 мл азот қышқылы ерітіндісі алынған. 10 % азот қышқылы ерітіндісін алу үшін қанша мл су қосу керек?

**Есеп 2.** 5 кг тығыздығы 1,0263 г/см<sup>3</sup> ерітінді алу үшін қанша мөлшерде су және 17<sup>0</sup> С температурада тығыздығы 1,0380 г/см<sup>3</sup> болатын сірке қышқылы ерітіндісін алу қажет?

**Есеп 3.** 23<sup>0</sup> С температурада тығыздығы 1,0542 г/см<sup>3</sup> болатын сірке қышқылы ерітіндісінен 360 г алынды. 30 % сірке қышқылы ерітіндісін алу үшін қанша мл су алу керек?

**Есеп 4.** 22<sup>0</sup> С-та тығыздығы 1,240 г/см<sup>3</sup> 440 мл азот қышқылы ерітіндісі алынған. 10 % азот қышқылы ерітіндісін алу үшін қанша мл су қосу керек?

**Есеп 5.** 5 кг тығыздығы 1,0263 г/см<sup>3</sup> ерітінді алу үшін қанша мөлшерде су және 17<sup>0</sup> С температурада тығыздығы 1,0380 г/см<sup>3</sup> болатын сірке қышқылы ерітіндісін алу қажет?

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 7 беті</b>

**Есеп 6.** 10 кг тығыздығы  $1,0995 \text{ г}/\text{см}^3$  ерітіндісін алу үшін қанша мөлшерде су және тығыздығы  $1,2508 \text{ г}/\text{см}^3$  болатын глицеринді алу қажет?

**Есеп 7.** 10 % ерітінді дайындау үшін,  $18^0 \text{ С}$  температурада тығыздығы  $1,270 \text{ г}/\text{см}^3$  3 кг NaOH ерітіндісіне қанша мөлшерде су қосу қажет?

**Бақылау сұрақтары:**

1. Медициналық ерітінділердің сипаттамасы және жіктелуі. Мысал келтірініздер.
2. Ерітінділер дайындаудың жалпы технологиялық схемасын беріңіздер.
3. Ерітінділер алудың ерекшелігі неде:
  - а) еріту әдісімен
  - б) химиялық әрекеттесу нәтижесінде
4. Буров сұйықтығының екі әдіспен алыну технологиясын айтып беріңіз. Әртүрлі әдіспен алынған өнімдердің айырмашылығы неде?
5. Ерітінділерді стандарттау қандай көрсеткіштер бойынша және қандай әдістермен жүргізіледі?
  6. Стандартты ерітінділерді қалай сұйылтады?
  7. Ерітінділерді бөлшектеу және орамдау. Олардың сақталу шарттары.
  8. Суды дайындаудың жалпы схемасын көрсетіңіз: негізгі сатылары мен операциялары.
  9. Деминералданған суды қалай алады? Қандай мақсатта?
  10. Дистилденген суды қандай аппаратпен алады? Оларға қойылатын талаптар. Сақталу шарттары.
  11. Қышқыл және сілті ерітінділерін дайындау. Қышқыл және сілтілердің сұлы ерітінділерінің концентрациясы қалай анықталады?
  12. Ерітінділерді бөлшектеу және орамдау. Олардың сақталу шарттары

**Тесттер:**

1. Сұйық гетерогенді жүйелерді ауырлық күші әсерінен бөлу ... деп аталады.
  - A) тұндыру
  - B) арапастыру
  - C) фильтрлеу
  - D) центрифугалау
  - E) елеу
2. Сұйық бағанасының гидростатикалық қысымы әсерінен жұмыс істейтін фильтрлерге ... жатады.
  - A) фильтр-қаптар
  - B) пресс-фильтрлер және друк-фильтрлер
  - C) фильтрлер-қаптар және фильтрлеуші центрифугалар
  - D) пресс-фильтрлер және друк-фильтрлер
  - E) нутч-фильтрлер және друк-фильтрлер
1. Вакуум астында жұмыс істейтін фильтрлер ...
  - A) нутч-фильтрлер
  - B) пресс-фильтрлер
  - C) фильтр-қаптар және тұндырғыштар
  - D) пресс-фильтрлер және друк-фильтрлер
  - E) фильтрлеуші центрифуга
2. Тұндыру ... температурада жүргізіледі.
  - A)  $+8^0 \text{C}$  жоғары емес
  - B)  $+15^0 \text{C}$  жоғары емес

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 8 беті</b>

C) +15<sup>0</sup>C төмен емес

D) +8<sup>0</sup>C төмен емес

E) +20<sup>0</sup>C төмен емес

3. Тұндыру процесі – бұл сұйық гетерогенді жүйелеорді ... бөлу процесі.

A) ауырлық күші әсерінен

B) саңлаулы кедергі көмегімен

C) күшті электролиттер көмегімен

D) жоғары температура әсерімен

E) сұйықтық бағанасының қысымы әсерімен

6. Фильтреу – бұл сұйықтықтан қатты фазаны ... бөлу процесі.

A) саңлаулы қабырға көмегімен

B) күшті электролит көмегімен

C) жоғары температура әсерімен

D) ауырлық күші әсерінен

E) әртүрлі тығыздық әсерінен

7. Тұндыруды +8<sup>0</sup>C жоғары емес температурада жүргізеді, себебі ... .

A) қоспалардың ерігіштігі төмендейді, сулы ерітінділерде микрофлоралардың дамуы жүрмейді

B) қоспалардың ерігіштігі жақсарады

C) ерітінділердің тұтқырлығы артады

D) ерітіндінің тұтқырлығы төмендейді

E) ерітіндінің тұтқырлығы және тығыздығы артады

8. Фильтреу процесінің қозғаушы күші ... .

A) фильтреу қабатының екі жағындағы қысым айырмашылығы

B) фильтреуші қабаттың қалындығы және материалы

C) сұйық және қатты фазаның әртүрлі тығыздығы

D) қатты фаза бөлшектерінің өлшемі

E) сұйық фазаның тұтқырлығы

9. Ерітінділерден өте ұсақ және коллоидты қоспаларды аластату үшін ... қолданылады.

A) тұндырғыш центрифуга

B) друк-фильтр

C) қарапайым тұндырғыш

D) фильтреуші центрифуга

E) нутч-фильтр

10. Сұйық гетерогенді жүйелерді ортадан тепкіш күш әсерінен бөлу процесі ... деп аталады.

A) центрифугалау

B) араластыру

C) фильтреу

D) тұндыру

E) елеу

11. Центрифугалау – бұл сұйық гетерогенді жүйелерді ... бөлу процесі.

A) ортадан тепкіш күш әсерімен

B) саңлаулы қабырғалар арқылы

C) күшті электролиттер көмегімен

D) жоғары температура әсерімен

E) сұйықтық бағаны қысымы әсерімен

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 9 беті</b>

### Сабак № 3

#### Кредит 2

**Тақырып 3: Құрделі ұнтақтар алу. Майдалау. Елеу. Арапастыру.**

**Мақсаты:** Ұнтақтау, елеу, арапастыру процестерін оқып үйрену. Ұнтақтағыш, елегіш қондырғылар мен арапастырғыштардың қолданылуын теорияға негіздел үйрену. Зауыт өндірісіндегі құрделі ұнтақтар ерекшеліктерін және материалдық баланс құруды, сатылар мен бүкіл процесс бойына технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеуді үйрену.

#### Оқыту міндеттері:

##### білім алушы білуі тиіс:

- ұнтақтау процесінің технологиялық негіздері. Қатты денелерді ұнтақтаудың әдістері мен ерекшеліктері;
- ұнтақтағыш машиналардың ұнтақтау дәрежесі мен әдісі бойынша жіктелуі;
- қатты денелерді бөлу әдістері, елеу, елеуіштердің түрлері;
- арапастырғыштардың негізгі түрлері, олардың жұмыс істеу принциптері;
- ұнтақтардың дәрілік түр ретінде анықтамасы, технологиясының ерекшеліктері және сапасын бағалау;
- жинақтардың дәрілік түр ретінде анықтамасы, технологиялық ерекшеліктері және номенклатурасы.

##### білім алушы істей білуі тиіс:

- сыртқа және ішке қолданылатын ұнтақтарды дайындау;
- ұнтақтарды келесі көрсеткіштер бойынша талдау:
 

а) біртектілігі	в) сусымалдылығы
б) дисперстік дәрежесі	г) фракциялық құрамы
- зауыт жағдайындағы құрделі ұнтақтардың технологиялық және аппаратуралық схемаларын теория жүзінде негіздеу.

#### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

##### негізгі білім бойынша:

1. Сабак тақырыбы бойынша орыс және латын тіліндегі терминология.
2. Дәрілік заттардың физико-химиялық қасиеттері.
3. ҚР МФ басылымындағы “Ұнтақтау және елеу” мақаласы.
4. Дәріхана жағдайында құрделі ұнтақтарды дайындау ерекшелігі.
5. Тритурация. Олардың дайындалу және қолданылу ерекшеліктері.
6. Жәй және құрделі ұнтақтардың қолданылуы және сақталуы.

##### сабак тақырыбы бойынша:

1. Ұнтақтау, қатты денелерді ұнтақтау ерекшеліктері. Ұнтақтаудың ерекше әдістері. Ұнтақтау жұмыстары (энергия шығыны).
2. Ұнтақтағыш машиналардың ұнтақтау дәрежесі бойынша, жұмыс инструменті бойынша, жұмыс принципі бойынша жіктелуі.
3. Орта және майда ұнтақатуға арналған машиналар. Олардың құрылышы және жұмыс істеу принциптері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Өте ұсақ ұнтақтауға арналған машиналар. Олардың құрылышы мен жұмыс істеу принциптері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 10 беті</b>

5. Ұсақ ұнтақтауға арналған машиналар .Олардың құрылышы мен жұмыс істеу принциптері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.

6. Ұнтақталған материалдарды бөлу:

а) механикалық бөлу (елеу). Елеуіштердің түрлері. Елеуіш қондырғылардың жұмыс істеу принциптері;;

б) бөлшектердің сұйық ортада тұнбаға тұсу жылдамдығына байланысты бөлу;

в) ауа ағынымен бөлу.

7. Арапастыру. Арапастыру сапасына әсер ететін факторлар. Арапастырғыш-тардың негізгі түрлері. Олардың жұмыс істеу принциптері.

8. Жинақтар. Анықтамасы. Номенклатурасы. Жинақтардың алудың жалпы технологиялық схемасы. Жинақтарға дәрілік заттар мен эфир майларын енгізу әдістері.

9. Ұнтақтар. Анықтамасы. Жіктелуі. Ұнтақтардың технологиясы, оларды бөлшектеу және орамдау. Ұнтақтардың жеке технологиясы және номенклатурасы.

### **БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Білім алушытер келесі тапсырмаларды орындауы қажет:

**Тапсырма N1.** Оқытушының тапсырмасы бойынша берілген құрделі ұнтақтардың біреуіне регламент жазып, онда технологиялық және аппаратуралық схемасын көрсетуі керек.

**Тапсырма N2.** Құрастырылған регламент және жұмыс жазбасы бойынша 20-30 г құрделі ұнтақ дайындау. Оның сапасын бағалау. Дайын өнімді дұрыс орап, безендіру керек.

**Тапсырма N3.** Өндірістің бүкіл процесі және сатылары бойынша материалдық баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

**Келесі жазылымдар бойынша құрделі ұнтақ дайындаандар:**

#### **1. Балалар септесінде**

Мырыш тотығы	1,0
Крахмал	1,0
Тальк	8,0

#### **2. Сілтілік-тұзды шайма**

Натрий хлориді	5,0
Натрий гидрокарбонаты	10,0
Натрий тетрабораты	15,0

#### **3. Жасанды карловар тұзы**

Сусыз натрий сульфаты	44,0
Натрий гидрокарбонаты	36,0
Натрий хлориді	18,0
Калий сульфаты	2,0

Жұмыс бригадалық әдіспен орындалады. Білім алушытер дайын өнімді НК талаптарына сай безендіріп, регламентті толтырып, лабораториялық жұмыс бойынша ауызша жауап береді. Лабораториялық регламентке оқытушыға қол қойдырады.

**Жабдық:** химиялық жиынтық және зертханалық ыдыстар, келі, келісан, дәрілік зат, микроскоп, елеуіштер жиынтығы, кестелер, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және оп-

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 11 беті</b>

line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Багалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

**Бақылау:**

**Ситуациялық есептер:**

**Есеп 1.** 100,0 г натрий салицилатын лабораториялық шарлы дірменде ұнтақтағанда 96,0 г ұнтақталған өнім алынды. Елегеннен кейінгі өнім мөлшері 77,0 г, елеуіште қалғаны 15,8 г. Қалдықты есепке ала отырып ұнтақтау, елеу сатылары бойынша материалдық баланс құрастырыңыз. Технологиялық шығым, шығын, шығын коэффициентін табыңыз.

**Есеп 2.** Екі өндірісте бірдей шығарылатын өнімнің шығын коэффициенттері 1,012 және 1,062. Өндірістік процесс қай жерде жақсы ұйымдастырылған?

**Есеп 3.** Диаметрі 0,6 м тең, айналу жылдамдығы 35 айн/мин. болғанда, барабанды шарлы дірмен дұрыс жұмыс істей алады ма?

**Бақылау сұрақтары:**

1. Ұнтақтау процесінің анықтамасы мен толық сипаттамасын беріңіз?
2. Қатты денелердің ұнтақталу дәрежесі дегеніміз не?
3. Ұнтақтау дәрежесі мен ұнтақтау тәсілі бойынша ұнтақтағыш қондырғылар қалай жіктеледі?
4. Кескіш және аралағыш әсерлі қандай ұнтақтағыштарды білесіңдер? Олар қандай жағдайда қолданылады? Олардың жұмыс істеу принципі қандай?
5. Неліктен өсімдік шикізатын қалдықсыз ұнтақтау қажет?
6. Орташа және майдың ұнтақтау үшін қандай езіп-жаншитын, соққылы, соққылы-ысқылағыш әсерлі машиналар қолданылады? Олардың жұмыс істеу принциптері қандай?
7. ұсақ ұнтақтау үшін қандай соққылы-ысқылағыш және ысқылап-е兹гіш әсерлі машиналар қолданылады? Олардың жұмыс істеу принциптері қандай?
8. Өте ұсақ ұнтақтау үшін соққылы-ысқылағыш әсерлі машиналар қолданылады? Олардың жұмыс істеу принциптері қандай?
9. Ұнтақталған материалдарды қандай әдістер көмегімен фракцияларға бөлу жүргізіледі? Фракцияларға бөлу қандай мақсатта қолданылады?
10. Елеуіш қондырғылардың қандай құрылымдарын білесіздер? Оладың жұмыс істеу принциптері қандай? Елеуіштердің өнімділігі қандай факторларға тәуелді?
11. Сулы ортада бөлу қалай және қандай жағдайда жүргізіледі?
12. Ұнтақталған материалдарды ауа ағынымен бөлудің негізі nedе жатыр.
13. Арапастыру дегеніміз не? Арапастыру сапасы қандай факторларға тәуелді?
14. Арапастырыштардың қандай конструкцияларын білесіздер? Олардың жұмыс істеу принциптері қандай? Салыстырмалы сипаттамасын, артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.
15. Ұнтақтар дегеніміз не? Олардың анықтамасын, жіктелуін және жалпы технологиялық схемасын беріңіздер.
16. Ұнтақтарды бөлшектеу және орамдау қалай жүргізіледі? Қандай аппараттар қолданылады? Олардың жұмыс істеу принциптері қандай?

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA —1979—</b>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>		<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>		<b>45 беттің 12 беті</b>

17. Зауытта өндірілетін қандай күрделі ұнтақтарды білесіздер? Олардың құрамы мен жеке технологиясы қандай?

18. Ұнтақтарды ұнтақтау, елеу және араластыру кезіндегі техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қажет іс-шараларды атаңыздар.

#### **Сабак № 4**

#### **Кредит 2**

**Тақырып 4: Алюминийдің негізгі ацетаты ерітіндісін стандарттау.** Сулы ерітінділерді сұйылту және қанықтыру тәсілдері.

**Мақсаты:** Сатылы бақылауды іске асыру, дайын өнімнің тұрақтылығын сақтау шартын және дайын өнімнің сапасын бағалауды үйрену.

#### **Оқыту міндеттері:**

##### **білім алушы білуі тиіс:**

- медициналық ерітінділердің жіктелуі, сипаттамасы;
- официалды сулы ерітінділердің технологиясының ерекшеліктері;
- еріту процесін интенсивтендіру жолдары;
- араластыру әдістері, араластырғыштардың түрлері;
- сұйықтықтарды қатты фазалардан бөлу әдістері (тазарту әдістері), гидродинамикалық процестер;
- сабак тақырыбы бойынша аппараттар.

##### **білім алушы істей білуі тиіс:**

- ерітінділерді әртүрлі жолдармен дайындау;
- ерітінділерді сұйылту және қанықтыру;

#### **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

##### **негізгі білім бойынша:**

1. медициналық ерітінділердің жіктелуі, сипаттамасы;
2. сабак тақырыбы бойынша аппараттар.

##### **сабак тақырыбы бойынша:**

1. Алюминий негізгі ацетаты ерітіндісінің сапасын бағалау және стандарттау.
2. Сұйық гетерогенді жүйелерді бөлу немесе ерітінділерді тазарту әдістері: тұндыру, фильтрлеу, центрифугалау.
3. Тұндырғыштар, олардың түрлері. Қолданылу аймақтары. Артықшылықтары мен кемшиліктері.
4. Фильтрлер, олардың түрлері. Жұмыс істеу принциптері. Қолданылу аймақтары. Артықшылықтары мен кемшиліктері.
5. Центрифугалар, олардың түрлері. Жұмыс істеу принциптері. Қолданылу аймақтары. Артықшылықтары мен кемшиліктері.

#### **Білім алушыгердің лабораториялық жұмысы**

**Тапсырма N 1.** Ерітінділерді дайындау, оларды тазарту, стандарттау. Алынған ерітінділерді сұйылту және қанықтыру.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 13 беті</b>

**Тапсырма N 2.** 8%-ды алюминий негіздік ацетаты ерітіндісіне (Буров сұйықтығы) материалдық балансты және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу. Регламентті сонына дейін толтырып, оқытушыға қол қойдыру керек.

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келісан, дәрілік зат, Бюхнер шұнғымасы, вакуумды насос, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

### Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.

**Бақылау:**

**Ситуациялық есептер:**

**Есеп N1.** 150 бөлік алюминий негізгі ацетаты ерітіндісін химиялық әдіпен алу үшін стехиометриялық теңдеу бойынша ашудас мөлшерін есептеңіз.

**Есеп N2.** Ең кішкентай өлшем бірлігі 0,1 мм болатын суспензияларды бөлу үшін центрифугалардың (тұндыруышы немесе фільтрлеуші) қай түрін қолданған дұрыс.

**Бақылау сұраптары:**

1. Буров сұйықтығының екі әдіспен алыну технологиясын айтып беріңіз. Әртүрлі әдіспен алынған өнімдердің айырмашылығы неде?

2. Ерітінділерді стандарттау қандай көрсеткіштер бойынша және қандай әдістермен жүргізіледі?

3. Стандартты ерітінділерді қалай сұйылтады?

4. Ерітінділерді бөлшектеу және орамдау. Олардың сақталу шарттары.

5. Сұйықтықтарды араластыру қандай әдістермен жүргізіледі? Әр әдіске сипаттама беріңіз. Әрқайсысы қандай жағдайда қолданылады?

6. Фармацевтикалық өндірісте араластырғыштардың қандай түрлері қолданылады?

7. Ерітінділерді тазарту қандай әдістермен жүргізіледі?

8. Тұндыру дегеніміз не? Қандай тұндырғыштар қолданылады? Олардың құрылышы мен жұмыс істеу принциптері қандай? Тұндырғыштар қандай жағдайда қолданылады? Олардың кемшіліктері неде?

9. Фільтрлеу дегеніміз не? Қандай әдістермен жүргізіледі?

10. Фармацевтик өндірісте қандай фільтрлеуші материалдар қолданылады? Оларға қойылатын талаптар.

11. Қатты фазаларды бөлу үшін қандай фільтрлер қолданылады? Олардың құрылышы мен жұмыс істеу принциптері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.

12. Центрифугалау дегеніміз не? Центифугалардың қандай түрлерін білесіздер? Олар қандай жағдайда қолданылады? Құрылышы мен жұмыс істеу принциптері қандай? Артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 14 беті</b>

13. Суды дайындаудың жалпы схемасын көрсетіңіз: негізгі сатылары мен операциялары.

## **Сабак №5**

### **Кредит 3**

#### **Тақырып 5: Хош иісті сулар. Алу тәсілдері. Дальтон заңы.**

**Мақсаты:** Эфир майларын су буымен айдаудың теориялық негізін үйрену. Бастапқы ингридиенттерді дұрыс есептеп үйрену, хош иісті суларды әртүрлі әдістерді пайдаланып алуды үйрену, сол сияқты оларды стандарттау.

#### **Оқыту міндеттері:**

##### **білім алушы білуі тиіс:**

- жылу процестері: қыздыру-салқыннату, буландыру-конденсациялау;
- жылу алмастырғыштар мен конденсаторлардың түрлері;
- салқыннату және конденсациялау принциптері;
- хош иісті сулардың анықтамасы, сипаттамасы, номенклатурасы;
- хош иісті суларды алу әдістері;
- эфир майларын алу процесінің теориялық негіздері, Дальтон заңы.

##### **білім алушы істей білуі тиіс:**

- дайындалған дәрілік түрге технологиялық документті безендіру және материалдық баланс құрастыру;
- зауыт жағдайындағы хош иісті сулар өндірісінің технологиялық және аппаратуралық схемаларын теория жүзінде негіздеу;
- хош иісті суларды алудың әртүрлі әдістерінде өсімдік шикізаттары мен эфир майларының мөлшерін дұрыс есептеу;
- хош иісті суларды еріту әдісімен дайындау кезінде эфир майларын тамызғыштардың көмегімен дозалау;
- хош иісті суларды су буымен айдау әдісі бойынша дайындаған кезде техника қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау.

#### **Тақырыптың негізгі сұраптары:**

##### **негізгі білім бойынша:**

1. Сабак тақырыбы бойынша орыс және латын тіліндегі терминология.
2. Жылу процестері, жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелену.
3. Талдаудың оптикалық әдістері (рефрактометрия).
4. ДДТ тұрақтылығы және сақталу мерзімдері.
5. Әртүрлі дәрілердің микробтармен закымдануын анықтау.
6. Дәрілік препараттарды ағзаға енгізу жолдары.
7. Дальтон заңы. Эфир майларын су буымен айдаудың теориялық негіздері.

##### **сабак тақырыбы бойынша:**

1. Жылу процестері. Қыздыру-салқыннату, буландыру-конденсациялау. Жылу берілуі: жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелену. Ньютон заңы, Фик заңы, Стефан-Больцман заңы. Күрделі жылу алмасу.
2. Жылу тасымалдағыштар: су, өткір және қатаң су булары, минералды майлар және т.б. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Қолданылу аймақтары.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 15 беті</b>

3. Мұздатқыш агенттер: су, мұз, тұздықтар және т.б. Олардың қолданылуу аймақтары.
4. Жылу алмастырыш аппараттар, олардың түрлері.
5. Бу бекіткіш қондырылар, Конденсациялық қабылдағыштар.
6. Хош иісті сулардың сипаттамасы, номенклатурасы, қолданылуы.
7. Хош иісті суларды алу әдістері. Аппараттар.
8. Эфир майларын су буымен айдау процесінің теориялық негіздері. Дальтон заны.
9. Аңыз бадам суының өндірісі. Бұл кезде жүретін процестердің химизмі. Препараттың сақталуы, қолданылуы, стандартталуы.
10. Кориандрдың спирттік сулы ерітіндісін алу. Қолданылуы.
11. Хош иісті суларды еріту әдісімен дайындау: жалпы технологиясы, эфир майлары мен судың қатынасы. Номенклатурасы.

### **БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Білім алушытер келесі тапсырмалар бойынша жеке лабораториялық жұмыстарды орындауды тиіс:

**Тапсырма N 1.** Келесі өсімдік шикізатынан хош иісті суларды эфир майларын суда немесе сулы-спиртті ерітіндіде еріту арқылы алу әдісімен дайындаңыз, оларға лабораториялық регламент күрастырып, технологиялық және аппаратуралық схемасын сзып көрсетіңіз: жалбыз, аскек, әвқалипт майларынан. Оқытушының тапсырмасы бойынша 150-250 мл хош иісті су алу үшін қажетті бастапқы заттардың мөлшерін есептеңіз.

**Тапсырма N 2.** Хош иісті суларды эфир майларын еріту әдісімен дайындаңыз, оны стандарттап, көлемін анықтаңыз. Дайын өнімді бөлшектеп, орамдап, безендіріңіз. Оқытушыға тапсырыңыз.

**Тапсырма N 3.** Хош иісті суларды эфир майларын еріту әдісімен алу өндірісіндегі материалдық балансты және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеңіз. Регламентті соңына дейін толтырып, оқытушыға қол қойдырыңыз.

Жұмысты орындау барысында білім алушытер техника қауіпсіздігін, өндірістік санитария жағдайларын қатаң сақтау керек.

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, келі, келісан, тальк, эфир майы, арапастыру үшін шейкер, фильтр қағазы, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

**Бақылау:**

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хош иісті сулар дегеніміз не? Олардың тағайындалуы және қолданылуу перспективалары қандай? Номенклатурасы.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 16 беті</b>

2. Хош иісті сулардың қандай алыну әдістері бар? Әртүрлі әдіспен алынған хош иісті суларының бір-бірінен айырмашылығы.
3. Эфир майларын су буымен айдау қандай занға негізделген? қандай аппараттар қолданылады.
4. Аңыз бадам суының алыну технологиясын айттыңыз. Оның технологияның ерекшелігі неде?
5. Эфир майларын суда еріту арқылы алынатын хош иісті сулардың технологиясы. Олардың қатынастарын көрсетіңіздер.
6. Хош иісті суларды эфир майларын суда еріту әдісімен алу кезіндегі тальктің атқаратын қызметі.
7. Қандай жағдайда кейбір хош иісті сулардың құрамына этил спирті енгізіледі?
8. Хош иісті сулардың сақталуы және стандартталуы.
9. Жылу процесі дегеніміз не? Жылу берілу процесінің қозғаушы күші болып не табылады? Жылу қандай әдістермен таралады?
10. Жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелену дегеніміз не? Олар қандай зандарға бағынады? Физикалық мәні неде? Күрделі жылу алмасу дегеніміз не?
11. Қандай жылу тасымалдағыштарды білесіздер? Қыскаша сипаттамасын беріңіз.
12. Неліктен жылу көзі ретінде су буы көп қолданылады? Оның артықшылықтары мен кемшіліктері.
13. Өткір және қатаң бу қандай жағдайда қолданылады?
14. Жылу алмастырыштардың түрлері. Қолданылуы.
15. Салқыннату дегеніміз не? Қандай салқыннатқыш агенттерді білесіздер? Олар қандай жағдайда қолданылады?
16. Конденсация дегеніміз не? Олар қандай аппараттарда жүргізіледі?
17. Конденсаторлардың қандай түрлерін білесіздер? Олар қандай жағдайда қолданылады? Айырмашылықтары неде?

## Сабак №6

### Кредит 3

**Тақырып 6: Алкоголиметрия. Спиртті медициналық ерітінділер. Спирттің концентрациясын анықтау, сұйылту, қанықтыру.**

**Мақсаты:** Спиртті-сулы қоспада этанолдың құрамын анықтауды, алкоголиметриялық кестелермен дұрыс жұмыс істеуді, сұйылту және қанықтыруды үйрену. Спирттік ерітінділерді дұрыс дайындауды және безендіруді үйрену.

### Оқыту міндеттері:

#### білім алушы білуі тиіс:

- алкоголиметрияның анықтамасы және қолданылуы;
- этил спиртінің концентрациясын анықтау әдістері мен қолданылатын құралдары;
- спиртті сұйылту және қанықтыру тәсілдері;
- этил спирттің сактау және есепке алу ережелері;
- сулы-спиртті ерітінділерді дайындау ережелері;
- еріткіш және экстрагент ретінде суға қойылатын талаптар, су дайындаудың негізгі операциялары және қолданылатын қондырғылар.

#### білім алушы істей білуі тиіс:

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 17 беті</b>

- алкоголиметриялық кестені пайдалану;
- сулы-спиртті ерітінділерді олардың сүйылту және қанықтыру ерекшеліктерін есепке ала отырып дайындау;
- дайындалған сулы немесе спирттік ерітінділердің сапасын анықтау (концентрациясын анықтау).

**Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

**негізгі білім бойынша:**

1. Сабақ тақырыбы бойынша латын тіліндегі терминология.
2. Ерітуді диффузиялық-кинетикалық процесс ретінде қарастыру.
3. Тұндыру, сұзу, центрифугирлеу. Стокс, Пуазель тенденциялары, Фик заны.
4. Таңдаудың физикалық әдістері. Пикнометр және денсиметрдің жұмыс істеу принципі.
5. Этил спиртіне НК (N 224 бұйрық).
6. Спирт концентрациясын анықтау және есептеу әдістері.
7. Фармацевтикалық технологияда қолданылатын тазартылған суға қойылатын талаптар.

**сабақ тақырыбы бойынша:**

1. Алкоголиметрия. Этил спиртінің концентрациясы, оны анықтау әдістері және қолданылатын құралдар. Алкоголиметриялық кестелер. Спиртті сүйылту және қанықтыру, есепке алу, сақтау тәртіplerі.
2. Ерітінділер, олардың жіктелуі. Ерітінділердің жалпы технологиясы.
3. Ерітудің теориялық сұрақтары. Еріту процесін динамизациялау жолдары.
4. Арапастыру. Арапастырғыштардың түрлері.
5. Ерітінділерді стандарттау. Массасы, көлемі, тығыздығы бойынша сүйылту.
6. Стандартты ерітінділер. Жіктелуі. Номенклатурасы. Оларды сүйылту, есепке алу және сақтау ерекшеліктері.
7. Суды дайындау, негізгі операциялары мен қолданылатын аппараттар.

### **БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Төменде көрсетілген спирттік ерітіндінің біреуін дайындау (оқытушының тапсырмасы бойынша):

- a) 10% –тік камфораның спирттік ерітіндісі;
- b) 3 % –тік бор қышқылының спирттік ерітіндісі;
- c) 1 % -тік салицил қышқылының спирттік ерітіндісі;
- d) 1 % –тік және 2% –тік ментолдың спирттік ерітіндісі;

Ол үшін:

- лабораториялық регламент құру, жұмыс жазылымын есептеп жазу;
- дәрілік түр дайындау және оны стандартту;
- материалдық баланс құрастыру, технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу;
- дайындалған дәрілік түрді дұрыс безендіру және оқытушыға өткізу;

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, дәрілік зат, келі, келісап, фильтр қағазы, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

